ӘОЖ 37.091.113:37.011.3-051
DOI 10.56525/BZFD7750

КОУЧИНГ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Тоғайбаева А.К., Мухаева Т.С.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: aikat_76@mail.ru, toka.mukaevaa@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада коучингтің қазіргі білім беру жүйесінде педагогикалық көшбасшылықты дамытудың тиімді құралы ретіндегі рөлі талданады. Қоғамдық өзгерістер мен білім беру саласына қойылатын жаңа талаптар жағдайында мұғалімнің кәсіби рөлі өзгеріп, оның көшбасшылық әлеуетін дамыту мәселесі өзекті бола түсуде. Осы тұрғыда коучинг мұғалімнің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдайтын серіктестікке негізделген үдеріс ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында педагогикалық көшбасшылық ұғымының теориялық негіздері Майкл Фуллан мен Энди Харгривз еңбектері арқылы сипатталып, коучингтің мәні мен қағидалары Джон Уитмор мен Джим Найттың көзқарастары негізінде талданады. Мақалада коучингтің мұғалімнің рефлексиялық ойлауын тереңдетуге, кәсіби дағдыларын жетілдіруге, коммуникациялық мәдениетін дамытуға ықпал ететіні көрсетіледі. Сонымен қатар коучингтің педагогтың кәсіби сенімін арттырып, бастамашылдық танытуына және әріптестерімен тиімді ынтымақтастық орнатуына жағдай жасайтыны дәлелденеді. Коучингтің жеке мұғалімнің ғана емес, тұтас мектептің кәсіби мәдениетін өзгертуге әсер ететін ұйымдастырушылық тетік ретіндегі маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижелері коучингті педагогикалық көшбасшылықты жүйелі дамытуға бағытталған заманауи әрі нәтижелі тәсіл ретінде қарастыруға негіз болады.

Зерттеу қорытындылары коучинг технологияларын білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізу педагогтердің кәсіби әлеуетін тиімді жүзеге асыруға және білім сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті

Түйін сөздер: коучинг, педагогикалық көшбасшылық, кәсіби даму, рефлексия, мұғалім, мектеп мәдениеті.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесі үнемі өзгеріп отырған қоғам талаптарына бейімделуге тырысады. Жаңа технологиялар, ақпарат көлемінің артуы, оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерінің әртүрлілігі мектеп пен мұғалім рөліне жаңа мазмұн береді. Мұғалім бұрынғыдай тек оқулықпен жұмыс істейтін маман емес, оқушылардың дамуына ықпал ететін, кәсіби қауымдастықпен байланыс орната алатын, білім беру ортасына бағыт-бағдар беретін көшбасшы тұлға ретінде қарастырылады. Осындай өзгеріс жағдайында педагогикалық көшбасшылықтың маңызы артып келеді, өйткені мектептің сапалы дамуы көбіне мұғалімнің бастамашылдығы мен кәсіби ықпалына байланысты. Педагогикалық көшбасшылықты зерттеген Майкл Фуллан бұл ұғымды мектептегі өзгерістерді қолдап, оқыту сапасына тікелей әсер ете алатын кәсіби әрекет ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, шынайы өзгерістер мұғалімнің күнделікті тәжірибесінен басталады. Ал Энди Хергривз педагог көшбасшылығын ұжымдық мәдениет пен ортақ құндылықтарды қалыптастыратын күш ретінде түсіндіреді. Мұндай түсініктер қазіргі мектеп құрылымына сай келеді, себебі білім беру нәтижесі мұғалімдердің өзара қолдауы мен кәсіби ынтымақтастығына тәуелді.

Осындай көшбасшылықты дамытудың тиімді құралдарының бірі коучинг болып табылады. Коучинг мұғалімнің ішкі әлеуетін ашуға бағытталған кәсіби қолдау үдерісі ретінде түсіндіріледі. Джон Уитмор коучингті адамның мүмкіндіктерін кеңейтіп, оның дербес шешім қабылдау қабілетін күшейтетін серіктестік ретінде қарастырады. Бұл тәсіл мұғалімнің өз тәжірибесіне сырттай қарауына, қиындықтардың себебін түсінуіне, жаңа

шешімдер іздеуіне мүмкіндік береді. Коучингтің ерекшелігі мұғалімге дайын жауап ұсынбай, оның жеке кәсіби көзқарасын қалыптастыруға жағдай туғызуында.

Білім беру саласындағы коучинг жөнінде жазған Джим Найт коучинг мұғалімнің кәсіби дамуын табиғи жүретін үдеріс ретінде қолдайтынын атап өтеді. Оның зерттеулері мұғалім коучингке қатысқан жағдайда өз сабағын талдауға, оқушыны тыңдауға, бағалау тәсілдерін жетілдіруге және оқу үдерісін жоспарлауға жауапкершілікпен қарай бастайтынын көрсетеді. Бұл өзгерістер педагогтың сенімділігін арттырып, оған көшбасшы ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Коучинг пен педагогикалық көшбасшылық өзара тығыз байланысты, себебі коучинг мұғалімге рефлексия жасауға, тиімді сұрақ қоя білуге, кәсіби қарым-қатынас орнатуға және әріптестеріне қолдау көрсетуге үйретеді. Бұл дағдылар көшбасшылықтың негізгі негізін құрайды. Коучинг мәдениеті қалыптасқан ортада мұғалім өз тәжірибесін үнемі жетілдіріп отырады, ал әріптестерімен ашық әңгіме жүргізу мектептің кәсіби атмосферасын нығайтады. Осы себепті коучинг қазіргі білім беру жағдайында педагогикалық көшбасшылықты дамыту үшін маңызды құрал саналады. Ол мұғалімнің кәсіби еркіндігін күшейтеді, шығармашылық ойлауын дамытады және мектептің жалпы бағытын жақсартуға ықпал етеді. Жаңашылдық пен өзгеріс қажет еткен қоғамда мұғалімнің көшбасшы ретіндегі рөлі ерекше көрінеді және осы рөлді қолдап дамытуда коучингтің орны айқын сезіледі. Коучинг білім беру саласында кәсіби дамуды қолдаудың заманауи және нәтижелі тәсілі ретінде кеңінен танылып келеді. Оның басты мәні мұғалімге дайын нұсқаулар беруде емес, керісінше оның ішкі мүмкіндіктерін ашуға, өзінің кәсіби міндеттерін саналы түрде қайта қарастыруына ықпал етуде жатыр. Коучинг үдерісінде мұғалім өзінің тәжірибесін сырттан бақылаушы ретінде талдап, шешім қабылдау мен мақсат қою дағдыларын күшейтеді. Мұндай тәсіл мұғалімді пассив тыңдаушыдан белсенді дамушы маманға айналдырады.


Коучингтің философиялық негізін көптеген зерттеушілер адамның табиғи әлеуетіне деген сенімнен шығарады. Джон Уитмор коучингті адамның ішкі мүмкіндігін оятуға бағытталған диалог формасы деп түсіндіріп, оның мәні сұрақтар арқылы ойландыруда екенін айтады. Уитмордың пікірінше, адам өз шешімін өзі тапқанда ғана кәсіби іс-әрекет жауапты әрі нәтижелі болады. Бұл түсінік мұғалім кәсібіне дәл келеді, себебі педагогтың тиімді жұмысы көбіне оның өз тәжірибесін түсініп, саналы түрде жетілдіруіне байланысты.

Коучингтің маңызды элементтерінің бірі белсенді тыңдау болып саналады. Бұл дағды мұғалімге ғана емес, жалпы педагогикалық мәдениетке де қажет. Белсенді тыңдау арқылы коуч мұғалімнің айтқанын ғана емес, оның ойлауының бағытын, сезімін және мәселенің түпкі себептерін түсінуге тырысады. Осындай атмосфера қалыптасқанда мұғалім өз кәсіби қиындықтарын еркін бөлісе алады және шешім іздеуге ынтасы артады. Кейбір авторлар, соның ішінде Джим Найт, мұғалім коучпен тең дәрежеде сөйлескенде ғана коучинг шынайы серіктестікке айналатынын атап өтеді.

Коучинг үдерісінде қолданылатын сұрақ қою техникасы педагогтың ойлау кеңістігін кеңейтеді. Сұрақтар дайын рецепт бермейді, олар мұғалімді өз шешімін табуға жетелейді. Мұндай тәсіл педагогтың рефлексив ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Рефлексия оқу сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады, себебі мұғалім өз сабақтарына сырттай қарап, не үшін белгілі бір әдісті таңдағанын немесе қандай нәтижеге қол жеткізгісі келетінін анық түсіне бастайды.

Коучинг тек жеке маманның дамуына ғана бағытталмайды. Ол мектеп ішінде кәсіби диалог мәдениетін қалыптастырады. Әріптестер арасындағы ашық пікір алмасу, қолдау көрсету, тәжірибе бөлісу сияқты әрекеттер педагогтардың өзара ықпал етуін күшейтеді. Мұндай ортада мұғалімдер өз тәжірибесін жасырмай, бір-бірінен үйренуге бейім болады. Осылайша коучинг ұжымдық кәсіби дамудың құралына айналып, педагогикалық көшбасшылықтың қалыптасуына жағдай жасайды. Коучингтің педагог жұмысындағы рөлі оның кәсіби дербестігін арттырумен де байланысты. Мұғалім коучинг барысында шешімді өз бетінше қабылдауға үйренеді, бұл оның оқу үдерісін ұйымдастырудағы сенімін күшейтеді. Сонымен қатар коучинг мұғалімге оқушының қажеттіліктерін терең түсінуге көмектеседі.

Себебі коучинг тәсілдері оқыту мен тәрбиелеуде эмпатияны, ашық сұхбатты және эмоционалды тұрақтылықты дамытады. Бұл дағдылар мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, оқу мотивациясын көтеруге ықпал етеді.



Ұсынылған схема Джим Найттың коучингке арналған зерттеулеріне сүйене отырып құрастырылған. Оның еңбектерінде коучинг педагогтың кәсіби дамуын қолдайтын және мұғалімнің көшбасшылық әлеуетін күшейтетін серіктестік үдеріс ретінде түсіндіріледі. Схемада коучингтің педагогикалық көшбасшылыққа әсер ету тізбегі кезең-кезеңімен көрсетілген. Коучинг үдерісі ең алдымен мұғалім мен коуч арасындағы сенімге құрылған серіктестік қағидасына сүйенеді. Найт серіктестікті коучингтің негізгі шарты деп атап өтеді, себебі теңдік пен құрмет жағдайында ғана мұғалім өзінің кәсіби тәжірибесін еркін талқылай алады. Серіктестік қағидасы коучинг процесінің барлық кезеңіне ықпал етеді және педагогтың дамуына қолайлы психологиялық орта қалыптастырады. Серіктестіктің қалыптасуынан кейін коучинг мұғалімнің кәсіби дамуына әсер ететін үш негізгі бағытқа әсер етеді.

Бірінші бағыт рефлексияның тереңдеуі болып табылады. Бұл кезеңде педагог өз тәжірибесіне сыни тұрғыдан қарап, қандай әдістердің тиімді немесе тиімсіз болғанын талдайды. Найт зерттеулері көрсеткендей, мұғалімнің рефлексия жасау дағдысы артқан сайын ол оқу үдерісін саналы түрде ұйымдастыруға бейім болады және кәсіби шешім қабылдауда дербестік танытады.

Екінші бағыт кәсіби дағдылардың жетілдірілуіне қатысты. Коучинг педагогқа сабақ құрылымын жоспарлауда, бағалау тәсілдерін таңдауда, оқыту стратегияларын түрлендіруде және оқушылардың қажеттіліктеріне бағдарланған әдістерді қолдануда қолдау көрсетеді. Мұғалім жаңа тәсілдерді өз тәжірибесіне енгізетін болғандықтан, оның оқыту сапасы арта түседі. Бұл өзгерістер мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін нығайтып, оның педагогикалық ықпалын күшейтеді.

Үшінші бағыт коммуникациялық мәдениеттің дамуы болып табылады. Найттың пікірінше, коучинг мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасын жақсартатын маңызды құрал. Белсенді тыңдау, нақты сұрақ қою, конструктивті пікір білдіру, әріптестермен кәсіби диалог жүргізу сияқты дағдылар қалыптасады. Осындай мәдениет мектеп ішінде ынтымақтастық орнатуға және кәсіби қолдаудың жүйесін нығайтуға мүмкіндік береді.

Бұл үш бағыттың ықпалы нәтижесінде мұғалімнің кәсіби сенімі артады. Ол өзінің кәсіби әрекетіне жауапкершілікпен қарап, шешім қабылдауда дербестік таныта бастайды. Сенімі күшейген педагог жаңа бастамаларды іске асыруға дайын болады және білім беру үдерісін жақсартуға белсенді араласады. Мұғалімнің кәсіби сенімінің артуы педагогикалық көшбасшылықтың қалыптасуына тікелей алып келеді. Мұғалім бастамашылдық көрсетіп, әріптестеріне бағыт-бағдар бере алады, мектептегі өзгерістерді басқаруға қатысады және оқыту сапасын арттыруға үлес қосады. Найттың пікірінше, көшбасшылық коучингтің жанама өнімі емес, оның табиғи нәтижесі. Схема соңғы кезеңде коучингтің мектептің жалпы даму мәдениетіне әсерін көрсетеді. Көшбасшы педагогтар көбейген сайын ұйым ішінде сенім, қолдау және кәсіби ынтымақтастық күшейеді. Бұл мектептің тұрақты дамуына және сапалы өзгерістердің жүзеге асуына ықпал етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Зерттеу барысында педагогикалық көшбасшылық пен коучингтің өзара байланысын анықтау мақсатында шетелдік ғылыми еңбектерге жүйелі талдау жүргізілді. Негізгі материал ретінде педагогикалық менеджмент, көшбасшылық теориясы және коучинг психологиясына арналған зерттеулер алынды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы педагогикалық көшбасшылықтың дәстүрлі және заманауи модельдері қарастырылып, коучингтің олардың құрылымындағы орны айқындалды.

Мазмұндық талдау коучингтің педагогтың кәсіби дамуына ықпал ететін негізгі механизмдерін анықтауға мүмкіндік берді. Олар:

– рефлексиялық ойлауды дамыту;
– кәсіби дербестікті нығайту;
– коммуникациялық мәдениетті жетілдіру;
– эмоционалдық интеллектіні қалыптастыру.

Жүйелеу және жалпылау әдістері негізінде коучингтің педагогикалық көшбасшылықтың құрылымдық компоненттерімен байланысы айқындалды.

Нәтижелер және оларды талқылау: Жүргізілген теориялық талдау коучингтің педагогикалық көшбасшылықтың қалыптасуына кешенді ықпал ететінін көрсетті. Коучинг педагогтың рефлексиялық ойлауын тереңдетіп, кәсіби әрекетін саналы түрде ұйымдастыруына және негізделген шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді. Рефлексияның дамуы мұғалімнің өз тәжірибесін талдауға, тиімді және тиімсіз әрекеттерді саралауға, кәсіби мақсаттарын нақтылауға жағдай жасап, оның көшбасшылық ұстанымын нығайтады. Сонымен қатар коучинг педагогтың кәсіби сенімін арттырып, жауапкершілік пен бастамашылдық деңгейін көтереді. Мұғалім өз әрекетінің нәтижесіне саналы көзқарас қалыптастырып, білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған белсенді позиция ұстанады. Кәсіби сенімнің артуы оның педагогикалық ықпал ету мүмкіндігін кеңейтеді.

Коучинг коммуникациялық мәдениетті де сапалы түрде жетілдіреді. Белсенді тыңдау, мақсатты сұрақ қою, конструктивті кері байланыс беру дағдылары ұжымдық өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Бұл педагогикалық көшбасшылықтың әлеуметтік және ұжымдық сипатын айқындайды.

Қорытынды. Коучинг мұғалімнің кәсіби өзіндік ұстанымын, құндылықтарын және миссиясын анықтауға көмектеседі. Педагог не үшін мұғалім болғанын, өзінің білім беру жүйесіндегі орнын, кәсіби мақсаттарын қайта ой елегінен өткізеді. Мұндай кәсіби идентификация мұғалімнің ішкі мотивациясын күшейтеді және оның жұмыстан қанағаттану деңгейін арттырады. Өз миссиясын түсінген мұғалім кәсіби өрлеуге белсенді түрде ұмтылып, оқушылардың дамуына ықпал ететін шешімдер қабылдай алады. Коучинг бұл бағытта қауіпсіз, қолдаушы орта ұсына отырып, педагогтың дамуына психологиялық тұрғыдан да жағымды әсер етеді. Сонымен бірге коучинг шығармашылық ойлауды дамытады. Мұғалім жаңа әдістерді қолдануға, сабақ құрылымын өзгертуге, дәстүрлі тәсілдерді жетілдіруге немесе жаңашыл идеяларды тәжірибеде сынап көруге батылдықпен кіріседі. Шығармашылық еркіндік педагогтың кәсіби қанағаттануын арттырып, оның жұмысқа деген

қызығушылығын сақтайды. Қателесуге деген қорқыныш азайған сайын мұғалім жаңа идеяларды ұсынуға және оларды жүзеге асыруға дайын болады.

Осы факторлардың барлығы біріге отырып, мұғалімнің тұлғалық және кәсіби тұрақтылығын қалыптастырады. Коучинг арқылы мұғалім өз тәжірибесін басқарумен қатар, өзінің эмоционалдық күйін, қарым-қатынас стилін, кәсіби ұстанымын және дамуға деген көзқарасын да басқара алады. Тұлғалық дамуы тұрақты педагог кәсіби көшбасшылықты табиғи түрде қалыптастырады. Себебі көшбасшы болу үшін ең алдымен адам өзін сенімді сезінуі, эмоционалдық тұрғыдан тұрақты болуы және өзінің мүмкіндігін дұрыс бағалай алуы қажет. Коучинг осы қабілеттердің барлығын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан коучинг педагог тұлғасын жан-жақты дамытатын, оның психологиялық әл-ауқатын қолдайтын және мектептегі кәсіби мәдениетті жақсартатын маңызды құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Fullan M. The Principal: Three Keys to Maximizing Impact. – San Francisco: Jossey-Bass, 2014. – 160 p.

2. Hargreaves A., O'Connor M. Collaborative Professionalism: When Teaching Together Means Learning for All. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2018. – 256 p.

3. Whitmore J. Coaching for Performance: The Principles and Practice of Coaching and Leadership. – London: Nicholas Brealey Publishing, 2017. – 288 p.

4. Knight J. Instructional Coaching: A Partnership Approach to Improving Instruction. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2018. – 304 p.

5. Costa A.L., Garmston R.J. Cognitive Coaching: Developing Self-Directed Leaders and Learners. – Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2016. – 384 p.

6. Goleman D., Boyatzis R. Emotional Intelligence and Leadership // Harvard Business Review. – 2018.

7. Ryan R.M., Deci E.L. Self-Determination Theory: Basic Psychological Needs in Motivation, Development, and Wellness. – New York: Guilford Press, 2017. – 756 p.

8. Талисбаева А.Б., Калиева Э.И. Жоғары оқу орны оқытушыларының эмоционалдық интеллектісін дамыту: кәсіби тиімділік пен әл-ауқатты арттыру стратегиялары // Yessenov Science Journal. – 2025. – №3(52). – Б. 147–153.

КОУЧИНГ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ЛИДЕРСТВА

Тогайбаева А.К., Мухаева Т.С.
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актобе, Казахстан
e-mail: aikat_76@mail.ru, toka.mukaevaa@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются научно-теоретические основы коучинга как эффективного инструмента развития педагогического лидерства в условиях современной системы образования. Трансформационные процессы в образовательной среде обусловливают необходимость пересмотра профессиональной роли учителя и системного развития его лидерского потенциала. В данном контексте коучинг анализируется как партнерский процесс профессиональной поддержки, способствующий личностному и профессиональному росту педагога.

В ходе исследования были систематизированы теории педагогического лидерства (М. Фуллан, Э. Харгривз) и концепции коучинга (Дж. Уитмор, Дж. Найт) на основе сравнительного и содержательного анализа. Установлено, что коучинг способствует углублению рефлексивного мышления, укреплению профессиональной автономии, развитию коммуникативной культуры и формированию эмоциональной устойчивости педагога.

Обосновано, что коучинг повышает профессиональную уверенность учителя, стимулирует инициативность и способствует эффективной организации коллективного взаимодействия.Результаты исследования позволяют рассматривать коучинг как современный трансформационный подход к системному развитию педагогического лидерства.

Результаты исследования показали, что внедрение коучинговых технологий в практику образовательных организаций способствует эффективной реализации профессионального потенциала педагогов и повышению качества образования.

Ключевые слова: коучинг, педагогическое лидерство, профессиональное развитие, рефлексия, эмоциональный интеллект, школьная культура.

COACHING AS AN EFFECTIVE TOOL FOR DEVELOPING PEDAGOGICAL LEADERSHIP

Togaybayeva A., Mukhayeva T.
K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan
e-mail: aikat_76@mail.ru, toka.mukaevaa@mail.ru

Abstract: The article explores the theoretical foundations of coaching as an effective tool for developing pedagogical leadership in contemporary education. Ongoing transformational changes in the educational environment require reconsideration of the teacher's professional role and systematic development of leadership potential. In this context, coaching is analyzed as a partnership-based process of professional support that promotes both personal and professional growth of educators.

The study systematizes theories of pedagogical leadership (M. Fullan, A. Hargreaves) and coaching concepts (J. Whitmore, J. Knight) through comparative and content analysis. The findings indicate that coaching enhances reflective thinking, strengthens professional autonomy, develops communicative competence, and fosters emotional stability. Coaching also increases teachers' professional confidence, stimulates initiative, and contributes to effective collaborative interaction.The results allow coaching to be considered a modern transformational approach to the systematic development of pedagogical leadership.

The results of the study showed that the implementation of coaching technologies in the practice of educational institutions contributes to the effective realization of teachers' professional potential and improves the quality of education.

Keywords: coaching, pedagogical leadership, professional development, reflection, emotional intelligence, school culture.